

**«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Нусипова Гүльнара Игенбаевнаның «Қазақ философиясының рухани-адамгершілік өлшеміндегі еркіндік құбылысы»: дәстүрден жаңғыртуға дейін» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШҚІРІ**

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысанылы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді. 6D020100 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу тақырыбы өзекті және автор қазақ философиясында «еркіндік» феноменді жана парадигмалық барысында талдау арқылы гуманитарлық ғылымдардың дамуына үлес қосады. Себебі, зерттеуші қазақ рухани мәдениеті дүниежүзілік мәдениет эволюциясында өзгелермен тең принципін негізге алып, «еркіндік» құбылысын философиялық талдауда маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Осылайша, рецензияға ұсынылған диссертациялық ғылыми жұмыс оң бағаға лайық.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Автордың мәтіні индвидуалды, өзгеше дербес стилін көрсетеді, яғни, өзі жазу деңгейі жоғары. Сонымен қатар, жұмыстың авторлық концептуалды мазмұнын ашуға қолданған методологиялық құралдар үйлесімді, мәтіндегі сілтемелер орынды. Автор ғылыми мәтінді безендірудің жоғары мәдениетін көрсетеді.

4. Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның өзектілігі еркіндік мәселесінің панаралық және замануи деңгейінде, себебі, бұл құбылыстың мәндік сипатын қазіргі Жана Қазақстанның жанғыру мен жанару жолында философиялық пен бірге экономикалық, әлеуметтік, саяси, құқық және т.б. қырларын кешенді түрде қарастыру қажет. Түбегейлі түрде, Жана Қазақстанда қоғамның «еркіндік» идеясының қандай түрі «еркін» адамның қандай үлгісіне сәйкес болады деген сұраққа жауап беру. Сол тұрғыдан, автордың осындай тақырыпты зерттеуге бағытталған интелектуалды бағытталғаны қолдауға лайық.</p> <p>Диссертация мазмұны мен құрылымы негізінен диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Диссертацияның мазмұны автордың концептуалды көзқарасына лайық және келесі құрылымнан тұрады: «еркін» ұғымының философия тарихында салыстырмалы талдау; «еркіндік» ұғымына авторлық анықтама беру; қазақ рухани мәдениетінде «еркіндік» ұғымының рухани-адамгершілік ерекшелігін ашу; «Алаш» қайраткерлерінің мұрасында, кенестік және тәуелсіз Қазақстан философиясында «еркіндік» ұғымының дамуын сыни тұрғыдан талдау. Зерттеудің жалғасында жаңа парадигмалық тұрғыдан осы тақырыпқа қатысты замануи әлемдік философия талқыланады деп сенеміз.</p> <p>Диссертацияның тақырыбына жұмыстың құрылымындағы мақсат пен міндеттер сәйкес және мәтінде толық ашылып көрсетілген. Зерттеудің мақсаты - концептуалды түрде қазақ философиясының рухани-адамгершілік өлшеміндегі еркіндік құбылысын қоғамның мәдени-тарихи дамуы аясында дәстүрлі мәдениеттен қазіргі заманға дейін ашылуы сегіз міндеттер арқылы жүзеге асырылған. Автордың қазақ философиясындағы еркіндік ұғымының жаңа типологиясын қалыптастыру бастамасын дербес интелектуалды қадам түрінде және әлемдік философияда еркіндік туралы дискурстың деконструкциялау құралы ретінде қабылдауға болады.</p> <p>Диссертацияның құрылымындағы барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда толық байланысқан. Зерттеу жұмысының құрылымы мен барлық тараулары қазақ және батыс философиясындағы бостандық мәні туралы концептуалды көзқарасты динамикалық даму перспективасында кезең-кезеңімен ашуға негіз болып табылады. Зерттеу жұмысының құрылымы мен барлық тарауларында автордың қазақ және батыс философиясындағы еркіндік туралы концептуалды көзқарасы динамикалық тұрғыдан біріндікел келесі типология арқылы айқындалады: талдыр – ырық - еркіндік; еркіндік және қажеттілік; еркіндіктің объективтік/субстанциалистік және субъективтік/антисубстанциалистік қырлары; еркіндік және жауапкершілік; еркіндік адам негізі/субстанциалық мәні; еркіндік «толық/көмел адамның» мәні;</p>
-------------------------	---	--



	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (катигаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемегеріне негізделген</p>	<p>еркіндіктің саяси және құқық түрлері; еркіндіктің шығармашылық мәні; еркіндіктің жаңа идеологиялық негізі. Сондықтан еңбектің ішкі бірлүгтастығы бар екенін ескере отырып оның жалпы құрылымдық сипатына он баға береміз.</p> <p>Автор классикалық батыс, орыс және қазақ философиясында «еркіндік» мәселені ауқымды методологиялық құралдар арқылы сыны талдау өткізеді. Ерекше атап өтуге лайық нәтижелер: Г.В.Ф. Гегель мен Ф. Энгельстің философиясында еркіндік пен қажеттіліктің байланысы туралы тұжырымдамасы; еуроцентризм принципіне қайшы қазақ мифологиясы мен философиясындағы мәдениеттің әлемдік эволюциясында және философиялық ойдың дамуында өзгелермен тең және өзін-өзі қамтамасыз ететін құбылыс ретінде ұстанымын зерттеушінің әрекетінде интеллектуалдық батылдық пен жанашырлықтың көрнісі деп бағалау керек. Гүбінде, «еркіндік» құбылысының мәні мен ерекшелігін қазақ мифологиясында, Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде, кенестік және жаңа қазақ философияда автор тарихи тұрғыдан ашып дәйектеп береді.</p>
<p>5. Ғылыми жанашырлық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен катигаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен катигаттары «толығымен жаңа» болып табылады деп бағалаймыз. Автор қазақ дүниетанымыдағы еркіндік құбылыстың мәніне диалектикалық, жүйелік, герменевтикалық, салыстырмалы әдістерге сүйене, философиялық-антропологиялық тұрғыдан түсінудің нақты сипатын береді. Қазір дүниежүзілік әлемде жаңа реттеудің негізінде индивидуалды еркіті абсолютизациялау тенденциясы басымды, яғни, біреудің саяси ерігі басымды, әлде, ол әлеуметтік және мәдени ортада жаңа стихиялық тәртіпті қалыптастырады, адамды сол тәртіпке адаптациялауға мәжбүрлейді. Автордың зерттеуінің нәтижелері Жаңа Қазақстанның әлеуметтік, саяси және мәдени ретлілігінде еркін идеялы шынайы еркін адамның өмірінде орын алатынына сенеміз. Келешек зерттеулерінде автор қазақ мәдениетінің рухани байлығын әлемдік интеллектуалды кеңістікте ашық дәріптейді деген пікірдеміз.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары «толығымен жаңа»: автор еркіндікті онтологиялық ерекшелігін адам болмысының қалыптасуына ықпал болатын рухани күш ретінде дәлелдейді. Зерттеуші қазақ мифологиясында еркіндіктің өзгешелігін, антропологиялық және аксиологиялық өлшемдерін көптеген дихотомиялық ұғымдарды талдау арқылы көрсетеді. Еркіндіктің тарихи, саяси, әлеуметтік қырларын Алаш қайраткерлерінің мұрасындағы ойларды сарптау барысында дәлелдейді. Сонымен қатар, еркіндіктің қазіргі уақытта өзекті құқық және экономикалық қырларды автордың болашақ зерттеулерінде әрі қарай жалғасын табады деген ойдамыз.</p>

	<p>5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары гуманитарлық саладағы технологияның дамуына ықпалы зор; саяси билеу формасының технологиясына қатысты билеуші/көшбасшы үлгісі, азаматтық қоғам үлгісі және еркін адам үлгісі. Зерттеудің практикалық қажеттілігін осы бағыттарда жетілдіруге және толдыруға болады. Сондықтан бұл саға бойынша бағалау «Иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді.</p>
<p>6. Негізгі қорытындыларды негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлдемелерге негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Мәтіннің мазмұны тақырыпқа барынша сәйкестендірілген және ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлдемелерге сүйене отырып дәйектелгенін атап өтуге болады. Диссертант еркіндік құбылыстың мәдени және әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігіне назар аударды, оның қазіргі этноәлеуметтік құрылымдағы орны мен рөліне философиялық талдау берді. Автор болашақта әлеуметтік және мәдени салалардың күрделі мәселелерін өзінің шығармашылық практикасында сыни зерттеу нысанына айналдырады деген ойдымыз.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидастар</p>	<p>Әр қағидаға бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидастар дәлелденген және ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор философия мамандығымен қатар жалпы гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен әдістемесіндері тәсілдерді панаралық байланыс деңгейінде жұмыста қолдана білген. Әрбір қағида «дәлелденді» деген қорытынды жасалды.</p> <p>7.2 Жұмыс қағидастары тривиалды, яғни үстірт емес. Бұл пункт бойынша «жоқ» деген баға берілді. Автор әрбір нәтижені теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізіп ұсынғаны байқалды. Сонымен қатар әлеуметтік және мәдени практикаға шығудың жолын іздейді.</p> <p>7.3 Негізгі қағидастардың барлығына «жана» деген баға берілді. Жалпы жұмыстың жаңашыл қағидастарының жашпы саны сөгіз. Бірінші қағида - тағдыр құбылысы жан-жақты қарастырылып, тағдыр мифологемасының алдын ала жазу мен ырық еркіндігі идеяларына айналуының логикасы ашылып көрсетілді; екінші қағида - еркіндіктің мәнін түсіндіруде объективтік пен субъективтікті қарастыра отырып, объективтік алғаш рет субстанционалистік және субъективтік антисубстанционалистік мысалында талданды; үшінші қағида - еркіндік пен қажеттіліктің байланысы ашылып, Г.В.Ф. Гегель мен Ф. Энгельстің философиясында бұл байланыс тұжырымдамасы сыни тұрғыдан қайта қаралды; төртінші қағида - қазақтың дәстүрлі қоғамындағы еркіндікті бағалау мен кәсіпкерлер үлгілерін ұлт фольклоры ауқымында мәдени-философиялық тұрғыдан талқылау арқылы ғылыми зерделеуден өткізілді және оның этникалық қауымдастықтың ділін қалыптастырудағы идеялық негіздері айқындалды; бесінші қағида - қазақ атарушылық кезеңінде қалыптасқан</p>



8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия;</p>	<p>философиялық ойлы еркіндік призмасы арқылы қайта қарастыру барысында еркін адам дүниені арқашан еркін түсінеді деген тезис негізделді; алтыншы қағидат – қазақ зиялыларының рухани мұрасындағы прогрессивті идеялар зерделеніп, өзінің дербестігі жоқ ел үшін саяси еркіндік ерекше мағынасы болғандығы көрсетілді; жетінші қағидат – кенестік кезеңдегі қазақ философиясындағы еркіндік тұжырымдамаларына мазмұнды талдау жасалынды және жалпыламазаттық рухани дамудың көзкіектері мен құндылықтары уақыттың саяси, идеологиялық ұстанымдарына сәйкес келмейтін зерттеулері нақтыланды; сегізінші қағидат – посткеңестік қазақстандық философиядағы еркіндік құбылысының негізгі көзқарастары талданып, еркіндік құбылысын зерттеуді мамандар жүйелі философиялық бағалау мен сыни ұстаным негізінде жүргізгені дәлелденді. Жотарыдағы негіздерге байланысты осы бапқа «Иә» деген баға берілді.</p> <p>7.4 Қағидаттардың қазіргі ғылым мен білімнің дамуында, әлеуметтік ортада қолдану бойынша «кен» деген баға берілді. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерін гуманиитарлық пәндердің, яғни философия, тарих, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет саласында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында толық пайдалануға болады. Бұл бап «кен» деп бағаланды. Тақырыпқа қатысты жотары мектеп саласында арнайы онлайн күрс ретінде әдістемелік материалдарды жинақтап беру автор үшін болашақтың ісі деген ойдамыз.</p> <p>7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттары отандық және кейбір шетелдік жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, талапқа сай сынақтан өткен. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген. «Scopus» тізіміндегі журналдарда автордың мақаласы жарияланған. Бұл мағынада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар талаптарға жауап береді. Сондықтан бұл пунктке «Иә» деген баға берілді.</p> <p>Диссертант өзінің академиялық дайындығын жұмысты орындау барысында дәлелдейді, кешенді түрде қолданған дәстүрлі философиялық әдістермен бірге өзгеше ғылыми сапалар әдістерін қолданулары байқалды. Сондықтан әдіснамасына қатысты талапқа «Иә» деген баға береміз.</p> <p>Қазіргі заман әдістері мен деректері әлеуметтанулық зерттеулер барысында жақсы қолданылғаны байқалды. Автор компьютерлік интерулар арқылы зерттеу нәтижелерін қорытындылаған. Нәтижелерін жақсы дәйектейді. Сондықтан бұл сала бойынша бағалау «Иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді деген ойдамын.</p>
----	---	---	--

2) жоқ	8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысында келтірілген ғылыми тұжырымдамаларына автор қазақ философиясының рухани-адамгершілік өлшеміндегі еркіндік құбылысын қоғамның мәдени-тарихи дамуы контекстінде дәстүрлі түрдегі қазіргі заманға дейін ашу барысында жетті. Автордың зерттеуінде қатал концептуалды логика байқалады, оның нәтижесінде классикалық философиямен қазақ халқының рухани философияның эволюциялық теңдігі мен бірлестігі байқалады. Қазақ мифологиясында автор еркіндік ұғымының қазіргі қоғамға қажетті және ұтымды жақтарын сипаттайды: көшпенділіктің динамикалық және адаптивті ойлау қабілетін, рефлексиялау дәстүр, табиғи детерминацияланған экологиялық сана, еркіндіктің психомоциялық тұрғыдан имманенттілігі. Осының бәрі, этномәдени тұрғыдан индивидуалды және коллективті жадыда еркіндіктің басымды сақталғанын белгісі. Оған автор дәлел түрінде тарихи тұлғалардың өмірбаяны, шығармашылықтары, тұлғалық позицияларын келтіреді. Сол тұрғыдан, зерттеуге «Иә» деген баға берілді.
8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әлеуметтерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әлеуметтерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Автор зерттеу барысында тақырыбын толық ашатын оригиналды әлеуметтерге сілтемелер жасау тұрғысынан алған еркіндік тақырыбына жарияланған ғылыми классикалық, отандық және замануи авторлар әлеуметтері біршама екені анық. Оның ішінде еркіндік мәселенің классикалық философиялық түсінігін талдау барысында сілтемелер нақты алынған және сыни тұрғыдан қарастырылған. Сонымен қатар, қазақ мифологиясындағы еркіндікке тұнып тұрған материалдарды философиялық тұрғыдан талдау әділе автордың болашақ ғылыми еңбектерінде басты орын алатына үміттемін.
8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдоби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдоби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Зерттеу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпқа қатысты ғылыми әдоби шолуға негізінен жеткілікті. Автор классикалық және замануи батыс философия, отандық оригиналды мәдениеттану саладағы авторлардың, Ресей философияның әлемдік философия тарихында орын алған ойшылдардың, отандық диалектикалық философия мектебінің өкілдерінің еркіндік, тағдыр, ырық, адам, рух және ұлт болмысы сияқты күрделі ұтымдарға қатысты ғылыми әлеуметтерді жинақтай алған. Автор диссертацияда алға қойған мақсаты мен міндеттеріне толықтай жауап беретін мәдени-саяси-философиялық еңбектерді қамти алды.



9. Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Себебі, автор еркіндік құбылысын жана парадигмалық тұрғыдан зерттеуге бастама жасады. Сондықтан теориялық маңызға қатысты бапқа сәйкес «Иә» деген баға берілді. Диссертацияда келтірілген еркіндік құбылысына қатысты қорытындылардың практикалық маңызы зор, себебі, болашақ қазақ қоғамның негізі «еркін адам» сонымен қатар, ол сол қоғамның «рухани капиталы». Осындай идеологиялық принципалды ұстанымды Жана еліміздің әлеуметтік, саяси, құқық, экономикалық, мәдени салаларын үйлесімдендіруде, демократияландыруда, мемлекеттік басқару ісінде қолдануға болады. Сондықтан осы мағынада бұл бапқа «Иә» деген жауап берілді.
10. Жазу және ресімдеу сапасы	9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады) Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның практикалық ұсыныстарды «толығымен жана» деуге болады. Өйткені автордың теориялық негіздігі ойлары «еркін адам» және «ашық қоғам» үлгілерімен келіседі, жалпы мемлекет билеу формасында «рухани адам», «толық адам» / «толық көшбасшы» үлгісінің практикалық тұрғыдан деріптеу бастамасы. Автордың ұсынған мәтініндегі академиялық жазу сапасы «жоғары деңгейде» деуге болады. Себебі, автор негізінен теориялық және әлісанамалық тұрғыда ғылыми ортада кен тараған тарихи-философиялық, мәдениеттанулық және әлеуметтік философиялық талдаулар тасілдерін, принциптерін жақсы қолданады. Жұмыста философиялық байыптаулар мәдениеттанулық және саясаттанулық сараптаулармен қисынды жақындалатылғаны байқалды. Сондықтан диссертациялық еңбектің теориялық деңгейіне сәйкес академиялық сипатты басым болып тұрғаны анық.

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Нуспова Гульнара Игенбаевнаның «Қазақ философиясының рухани-адамгершілік өлшеміндегі еркіндік құбылысы: дәстүрден жантыруға дейін» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:  
Алматы менеджмент университеті,  
Философия ғылымдарының кандидаты,  
ассоциацияланған профессор

(жұмыс орын, ғылыми дәрежесі)



Әділсіз Заверью  
Қойғаның Растаймын  
201 \_\_\_\_\_ г.  
Ісбаева Шолпан Айдаралықызы  
(аты-жөні)